

## **Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 2 сәуірдегі N 57-П Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 3 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5689 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 346 бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 17.04.2015 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

РҚА О-ның ескертпесі!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына , 140-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына , 149 және 150-баптарына сәйкес, сондай-ақ бұлінген жерлерді қалпына к елтіру мәселелерін реттеу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау және мемлекеттік жер кадастры департаментінің Мемлекеттік жер кадастры және жер мониторингі басқармасы осы Бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі Төрағасының орынбасары К.Ә.Райымбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Təpaşa

Ө. Өзібеков

## "Келисилиди"

## *Қазақстан Республикасы*

Денсаулық сақтау министрі  
----- Ж. Досқалиев

2009 жылғы 10 сәуір

"Көлісілді"  
Қазақстан Республикасы  
Коршаган ортаны қорғау  
м и н и с т р і  
----- Н. Әшімов

2009 жылғы 6 мамыр

"Көлісілді"  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрі  
----- С. Мыңбаев

2009 жылғы 30 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Жер ресурстарын басқару  
агенттігі төрағасының  
2009 жылғы 2 сәуірдегі  
N 57-П бұйрығымен бекітілген

## **Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу туралы нұсқаулық 1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 14-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 140-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына, 149 және 150-баптарына сәйкес әзірленді және пайдалы қазбалар мен кен орындарында, геологиялық барлау, іздестіру, құрылыш және басқа жұмыстарды орындау кезінде бұлінген (бұлініп жатқан) топырақ қабатын, жерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу жұмыстарын нақтылайды.

2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

1) аршылымды жыныстар – ашық қазып алу барысында аударылған топырақ ретінде қазып алынуға және тасымалдануға жататын пайдалы қазбаларды жабатын және өзіне сыйдыратын жыныстар;

2) құламаларды жайландыру – ойыс үйінділердің құламаларының және карьер борттары мен карьердегі ойыстардың бұрыштарын азайту мақсатында жүргізілетін жер жұмыстары;

3) жарамдылығы аз таужыныстар өсімдіктердің өсуіне қолайсыз физикалық және (немесе) химиялық ерекшелігі бар жыныстар;

4) мелиорациялау кезеңі – қалпына келтірілетін жердің сапасын жақсарту және олардың құнарлығын қалпына келтіруді жүзеге асыратын уақыт интервалы;

5) жерді қалпына келтіру – белгілі бір мақсатта пайдалану үшін бұлінген жерді қалпына келтіруге, оның ішінде бұлінген жердің көрі әсер ету нәтижесінде өз құндылығын толық немесе жартылай жоғалтқан іргелес жатқан жер участкелері , сондай-ақ қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған жұмыстар кешені;

6) жердің бұлінуі – пайдалы қазбаларды өндіруде оның ішінде геологиялық-барлау, іздестіру, мұнай және мұнай өнімдерін алу, құрылымы және өзге жұмыстар барысында топырақ жамылғысының, жергілікті жер рельефинің гидрологиялық режимінің бұлінуіне және жер жағдайының өзге де сапалық өзгерістеріне әкеліп соқтыратын процесс;

7) бұлінген жер – адамның өндірістік қызметі нәтижесінде бастапқы ландшафтын және өзге құндылығын жоғалтқан немесе топырақ жамылғысының, гидрологиялық режимінің және жер бедерінің өзгеруіне байланысты қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету көзі болып табылатын жер;

8) тегістеу жұмыстары – бұлінген жердің бетін тегістеу, құламаларды, карьер борттары мен үйінділерін жайландыру жөніндегі жұмыстар;

9) топырақтың құнарлы қабаты – өсімдіктердің өсуіне қолайлы физикалық, химиялық және агротехникалық құрамы бар топырақ профилінің жоғарғы қара шіріктелген бөлігі ;

10) топырақтың әлеуетті–құнарлы қабаты – өсімдіктердің өсуіне қолайлы физикалық, химиялық және агротехникалық құрамы бар топырақ профилінің төменгі бөлігі ;

11) қалпына келтіру жобасы – графикалық бейне мен негізdemelerden, есептер мен сипаттамалардан, есептерден, сызбалардан тұратын техникалық, экономикалық, жоспарлы құжаттардың жиынтығы;

12) қалпына келтіру қабаты – өсімдіктердің өсуіне жағымды қасиеттері бар жерді қалпына келтіру барысында жасанды құрылатын қабат.

## **2-бөлім. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу 1- тарау. Жобаларды әзірлеудің негізгі ережелері**

3. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеуді жерге орналастыру жұмыстарын орындастырын азаматтар және заңды тұлғалар (жобаны әзірлеуші) жүзеге асырады .»

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2012.03.26 № 63-ОД (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

4. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасында:  
ауданың табиғи жағдайларын (климатын, топырақ - өсімдік жамылғысын, геологиялық және гидрологиялық жағдайларын);

ауданың даму болашағын;

жерлерді қалпына келтіру уақытында бұлінген жердің нақты және болжамдық жағдайын (аумағы, жергілікті жердің бедер нысаны, шөптің табиғи өсуінің дәрежесі, топырақ қабатының құнарлылығы мен құнарлы тау жыныстарының әлеуетінің бар болуы, сумен толтыру, эрозиялық процесстер, ластану дәңгейі);

химиялық және гранулометриялық құрамның, агротехникалық және агрофизикалық қасиеттердің, тау жыныстарының аршылған және сыйымдылық сипаттамасы мен олардың үйінділердегі қоспасының инженерлік-геологиялық сипаттамаларының көрсеткіштері;

бұлінген жерлер орналасқан аудандардың шаруашылық-экономикалық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларын;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар ескерілуі тиіс.

5. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу:

1) жер участекін берген кезде, оны пайдалануы жердің бұлінуіне әкеліп соқтыратында - жер участекін беру туралы жергілікті атқару органдардың шешімі қабылдағаннан кейін және жер бұлінуіне байланысты жұмыстардың басталуына дейін;

2) жер участекінің нысаналы мақсаты өзгертуінде, оның нәтижесінде пайдалануы жердің бұлінуіне әкеліп соқтыратында - жер участекін беру туралы жергілікті атқару органдардың шешімі қабылданғаннан кейін және жер бұлінуіне байланысты жұмыстардың басталуына дейін;

3) бұрын бұзылған жерлерде, оларды бұлдірген тұлғалар туралы мәліметтер жоқ болғанда - жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізілуі тиіс.

Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын әзірлеу мерзімі, пайдалануы жердің бұлінуіне байланысты болған жағдайда, жер участекін беру немесе нысаналы мақсатын өзгерту туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімінде бекітіледі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Жер ресурстарын басқару агенттігі Төрағасының 2011.02.21 № 29-ОД (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тaraу. Қалпына келтіру жобаларын әзірлеу сатылары 1 параграф.**

**Қалпына келтіру жобасын әзірлеу сатысы**

6. Бұлған жерлерді қалпына келтіру жобасын өзірлеу рәсімі келесі жүйеде жүргізіледі :

- 1) дайындық жұмыстары (камералдық және далалық);
- 2) іздестіруді жүргізу;
- 3) бұлған жерлерді қалпына келтіру жобасын өзірлеу;
- 4) жобаны келісу және беру.

7. Жобалау құрылыштың бекітілген, техникалық–экономикалық есептері немесе техникалық–экономикалық негізdemелері қабылданған шешімдер негізінде жүзеге асырылады.

## **2-параграф. Дайындық жұмыстары (камералдық және далалық)**

8. Дайындық жұмыстары кезеңінде камералдық жұмыстар жүзеге асырылады, ол қалпына келтіруге жататын жер участеклерін далалық зерттеулерді жүргізуге арналған жоспарлы–картографиялық материалдарды іріктеу, топырақтық және топырақтық–мелиоративті іздестірулер материалдарын, тізімдеу материалдарын

құрайды.

9. Қалпына келтіруге жататын жер участеклерін далалық зерттеу жұмыстары жер участекінің орналасқан жері бойынша ауданның (қаланың) жер қатынастары жөніндегі өкілетті органдарының өкілетті өкілдерінің қатысуымен жобаны өзірлеушілермен, тапсырыс берушімен және қажет болған жағдайда басқа мамандар мен жүргізіледі.

10. Далалық зерттеу барысында:

объектінің орналасқан жерін, бұлған жердің нақты шекараларын анықтау, қалпына келтірілетін участеклерді болашақта пайдалану мүмкіндігін белгілеу;

бұлған жерлерді қалпына келтіру үшін үйінділердегі әлеуетті құнарлы жыныстар мен топырақтың құнарлы қабатының бар болуын анықтау;

бұлған жерлерді қалпына келтіру үшін олардың көлемі және әлеуетті құнарлы жыныстар мен топырақтың құнарлы қабатының қажетті көлемін белгілеу;

үйінділердегі топырақтың құнарлы қабаты мен әлеуетті құнарлы жыныстарының сапасын, олардың минералогиялық және механикалық құрамын, жыныстардағы улы тұздардың бар болуы мен химиялық мелиорацияның қажеттілігін, ылғалдану мен табиғи өсу жағдайын алдын ала анықтау;

қосымша топографиялық және топырақтық–мелиоративтік, агротехникадағы мелиоративтік, геологиялық және гидрогеологиялық іздестірулерді жүргізуінде қажетті көлемін анықтау.

Ластанған жерде қосымша ластану себебі мен көзі, топырақ ластануының қауіптілік дәрежесі анықталады.

11. Жер участкелерін далалық зерттеу нәтижелері қалпына келтіруге жататын бүлінген жерлерді зерттеу актісімен осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес зерттеу сыйбаларын дайындау арқылы ресімделеді.

12. Жер участкелерін далалық зерттеу материалдары негізінде осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тапсырыс берушімен бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын өзірлеу үшін тапсырма дайындалады.

### **3-параграф. Іздестіру өндірісі**

13. Далалық зерттеу нәтижелері бойынша келесі іздестірулер жүргізіледі:

т о п о г р а ф и я л ы қ ;

т о п ы р а қ т ы қ – м е ли о р а ц и я л ы қ ;

аграрлық орман мелиорациялық;

геологиялық және гидрогеологиялық.

14. Топографиялық іздестірулер 1:1000-1:5000 масштабында орындалады. Қажет болғанда 1:500 масштабта орындалады.

15. Топырақтық-мелиорациялық іздестіру материалдар қамтамасыз етуі тиіс:

бүлінуге жататын жерде топырақтың құнарлы қабатының және әлеуетті құнарлы жыныстардың күй-жайының толық сипаттамасын алу, сондай-ақ қуаттылығын белгілеу және құнарлы қабатын алу тәртібі, оны сақтау жағдайын және кейін пайдаланылуын анықтауды;

бүлінген жерде техникалық немесе биологиялық қалпына келтіру жобаларын құру үшін қоспалар мен топырақтардың қасиеттері мен белгілерін анықтау;

топырақтың құнарлы қабатын көбірек салу жолымен осы алқаптың өнімділігін арттыру жөніндегі қажетті жобалық шешімді өзірлеу үшін аз өнім беретін алқаптардағы топырақтың қасиеттері мен белгілері туралы деректер алу.

16. Мұнаймен ластануға ұшыраған жерлерді зерттеу кезінде мұнай өнімдері көп жерлердің жиегі белгіленеді, ластану тереңдігі анықталады, топырақ құрамындағы мұнай өнімдері деңгейін анықтау үшін сынамалар таңдалады. Топырак мұнай өнімдерімен ластанған кезде ластағыштардың таралу шекарасының түбіне дейін сынамалар алынады.

Ластағыш заттарды анықтау әдістерінің жалпы талаптары "МЕМСТ 17.4.0.03-85 Табиғатты қорғау. Топырақтар. Ластағыш заттарды анықтау әдістеріне жалпы талаптар" Мемлекеттік стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Топырақтық-мелиорациялық іздестіру қорытындылары бойынша "МЕМСТ 17.5.1.03-86 Табиғатты қорғау. Жер. Жерді биологиялық қалпына келтіру үшін аршалымды және сиымды жыныстардың класификациясы" және "МЕМСТ 17.5.3.06-85 Табиғатты қорғау. Жер. Жер жұмыстары өндірісінде топырақтың

құнарлы қабатын сыйдырып алу нормаларын белгілеуге талаптар" Мемлекеттік стандарттарына сәйкес топырақтық–мелиорациялық іздестіру нәтижелері бойынша бүлінген жерлердің топырақтық–мелиоративтік карталары әзірленеді, ал қажет болған жағдайда жердің бүліну дәрежесі бойынша жыныстардың улылығы, тұздануы, сортандануы, ауыр металдардың, мұнайлы көмірсүтектердің құрамы, аршылатын жыныстарды пайдалану, топырақтың құнарлы қабатын алу, топырақ–мелиоративтік картограммалар дайындалады.

Топырақтық–мелиорациялық іздестіру материалдарының түсіндірме жазбасында зерттеу объектісінің топырақтың төменгі қабатының сапасы туралы қорытынды, минералды тыңайтқыштарды енгізу және мелиоративті кезенде егу үшін жарамды шөптер мен шөп қоспаларының, ағашты–бұталыларының түрлерінің жыныстардың тізімдері беріледі.

Жерді игеру үшін қарастырылған өнімділігі аз алқаптарда топырақтың құнарлы қабатын салу жолымен осы алқаптардың өнімділігін арттыруға арналған жобалық шешімдерді қабылдау кезінде қажетті топырақтың белгілері мен қасиеттері туралы деректерді алу мақсатында топырақ іздестіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл ретте өнімділігі аз алқапқа топырақтың құнарлы қабатын салуға байланысты шығындар жана жерді игеру құнының нормасынан аспауы керек.

17. Аграрлық орманды мелиоративтік іздестірулер қалпына келтірілетін аландарда түрлі мақсатта ағаш отырғызу мүмкіндігін анықтау үшін жүргізіледі.

18. Геологиялық және гидрогеологиялық зерттеулер топырақтық–мелиоративті іздестірулермен бір кешенде жамылғы жыныстарының сипаттамасын, топырақ суының режимін алу мақсатында жүргізіледі.

Іздестіру барысында сынамаларды таңдау бедерді және топырақ жамылғысының бүліну дәрежесі ескере отырып, әр жағдайда горизонттық белдеулер немесе берілген топырақ түрінің қабаттары үшін типтік топырақ бөлігі берілетіндегі болып жүзеге асырылуы керек.

#### **4-параграф.**

#### **Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын әзірлеу**

19. Қалпына келтіру жобасы жобаны әзірлеу мен іздестіру материалдарына берілген тапсырмалар негізінде әзірленеді.

20. Қалпына келтіру жобасының құрамында келесі жұмыстар жүргізіледі:

жерді қалпына келтіру бағытына байланысты бүлінген жерді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың технологиясын әзірлеу;

жер жұмыстарының, техника қажеттілігін, тыңайтқыштар, отырғызылатын материалдар, тұқымдар және тағы басқалардың көлемін анықтау;

өндіру жұмыстарын ұйымдастыру (қалпына келтірудің қүнтізбелік кестесі);  
сметалық құжаттарды жасау;  
жұмыс өндірісі жөніндегі жұмыс сыйбаларын әзірлеу.

## 5-параграф. Жобаны келісу және беру

21. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы, жер қатынастары жөніндегі өкілетті органмен келісіледі және тапсырыс берушімен бекітіледі.

Облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) атқарушы органымен берілген (берілетін) жер участекердің құрамындағы бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жер қатынастары жөніндегі өкілді органмен келісу жүргізіледі, ал қалған жағдайда - бұлінген жерлердің орналасқан жері бойынша ауданның (қаланың) жер қатынастары жөніндегі өкілді органымен келісіледі.

Коршаған ортаның әсерін бағалау мақсатында бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаларға жіберілуі мүмкін. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық оң сараптама алғанда келісіледі.

22. Бұлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы тапсырыс берушіге, жобаны келісімдеген жер қатынастары жөніндегі өкілетті органға беріледі, бір данасы жобаны әзірлеушіде қалады.

|           |             |         |
|-----------|-------------|---------|
| Бұлінген  | жерлерді    | қалпына |
| келтіру   | жобаларын   | әзірлеу |
| турали    | нұсқаулыққа |         |
| 1-қосымша |             |         |
| Нысан     |             |         |

## Қалпына келтіруге жататын бұлінген жерлерді зерттеу АКТИСІ

ЖЫЛ

" " "

(Аты-жөні, лауазымы)

(кен орындарын өндейтін, құрылыш жұмыстарын жүргізетін ұйымның атауы)

бұлінген немесе бұлінуге жататын жер участекесіне зерттеу жүргізді  
Зерттеу нәтижесінде анықталды:

1. Бұлінген жер участекінің алаңы \_\_\_\_\_ орналасқан

(учаскенің нақты орналасқан жерді, жер бөлу күштегіне

сәйкес пайдаланылуы анықталады)

2. Бұлінген жер участеклеріне жағын жатқан жерлердің пайдаланылуы \_\_\_\_\_

(жердің нақты пайдаланылуы, сондай-ақ сыйбаларға, жобаларға

және басқа материалдарға сәйкес болашақта пайдаланылуы көрсетіледі)

3. Бұлінген жердің сипаттамасы \_\_\_\_\_

(бұлінудің түрлері, алаңдық сипаттамалары)

4. Жерді пайдаланушының немесе жердің меншік иесінің ұсыныстары: \_\_\_\_\_

(жер пайдаланушының немесе жердің меншік иесінің ұсыныстары,

- негізделуімен және себептерімен көрсетіледі)

Жер участеклерін зерттеу нәтижесінде жобада төменгілерді қарастыру керек деп ұсынылады:

1. Қалпына келтірудің бағыттары: \_\_\_\_\_

(алқап түрлері немесе жерді шаруашылықта пайдаланудың бағыттары)

2. Қалпына келтірудің техникалық кезеңінің жұмыс түрлері: \_\_\_\_\_

3. Қалпына келтіру үшін участеклердегі топырақтың құнарлы қабаты мен потенциалды құнарлы жыныстарды пайдалану \_\_\_\_\_

4. Қалпына келтірудің биологиялық кезеңін жүргізуіндегі қажеттігі: \_\_\_\_\_

Колдағы бар масштабы \_\_\_\_\_ бұлінген жердің топографиялық жобаларын және де масштабы \_\_\_\_\_ бар топырақтың зерттеулер пайдаланылысын.

Бар материалдар \_\_\_\_\_ масштабтағы топографиялық зерттеулердің \_\_\_\_\_,

\_\_\_\_\_ , топырақ–мелиоративтік зерттеу \_\_\_\_\_  
басқа зерттеулердің бар материалдарымен толықтырылсын.

Қ о с ы м ш а :

Бұлінген жерлердің сипаттамасы (контурлық ведомост)

Жер пайдалану жоспарының көшірмесі \_\_\_\_\_

Бұлінген жерлердің сызбасы

Жер участкесінің орналасқан жері бойынша ауданың (қаланың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның өкілдерінің, тапсырыс берушінің және басқа мамандардың қолдары:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

**Ескерту:** нақты бір жағдайларда қажет болғанда, шешілетін мәселелердің мазмұны актіде өзгертулуй мүмкін.

|   |             |  |
|---|-------------|--|
| Бұлінген                                    | жерлерді    | қалпына                                    |
| келтіру                                     | жобаларын   | әзірлеу                                    |
| туралы                                      | нұсқаулыққа |  |
| 2-қосымша                                   |             |  |
| Нысан                                       |             |  |
| "Келісілді"                                 |             | "Бекітемін"                                |
| Жобаны әзірлеуші (толық атауы,<br>Аты-жөні) |             | Тапсырыс беруші<br>(толық атауы, Аты-жөні) |

200 жылғы " " 200 жылғы " "  
Кол үшін және мөрдің орны Кол үшін және мөрдің орны

## **Бұлінген жерлерді қалпына келтірудің жұмыс жобасын әзірлеуге ТАПСЫРМА**

| N | Тізбе   | Көрсеткіштер |
|---|---|--------------|
| 1 | 2   | 3            |
| 1 | Жобалау үшін негіздер (булінген жерлерді тексеру актісі)  |              |
| 2 | Жобаны әзірлеуші  |              |
| 3 | Жобалау сатысы  |              |
|   | техникалық кезең  |              |
|   | биологиялық кезең   |              |
| 4 | Объектінің - участкенің атауы                             |              |
| 5 | Объектінің - участкенің орналасқан жері (әкімшілік аудан) |              |
| 6 | Қалпына келтіру объектісінің сипаттамасы:                 |              |
|   | жалпы алаңы, гектар                                       |              |

|    |  |  |
|----|--|--|
|    | оның ішінде болжаммен (алдын ала) пайдаланылатыны  |  |
|    | егістік  |  |
|    | шабындық   |  |
|    | жайылым  |  |
|    | көп жылдық екпелер   |  |
|    | орман екпелері, орман алаптарын қоса   |  |
|    | шалғындау  |  |
|    | өндірістік және өндірістік емес құрылыш  |  |
| 7  | Қатпарланып үйілген қорлардың болуы (немесе құнарлы қабаттан алынатын көлемі), мың куб метр  |  |
| 8  | Қатпарланып үйілген қорлардың потенциалды құнарлы жыныстардың болуы (немесе алынатын көлемі) мың куб метр  |  |
| 9  | Уақытша үйінділер үшін бөлінетін алаңы, гектар   |  |
| 10 | Техникалық мәселелер:<br>тұздануы және екінші улылық жыныстардың дәрежесі<br>ластану деңгейі<br>ластанудың бойлаған тереңдігі<br>объектінің сулану дәрежесі және құргатудың (дренаж) қажеттілігі<br>су және жел эрозиясының және басқа геодинамикалық процестердің даму дәрежесі<br>тас басу дәрежесі<br>ағашты-бұталы өсімдіктердің басу дәрежесі |  |
| 11 | Қажетті зерттеулердің түрлері және көлемдері _____<br>_____  |  |
| 12 | Жұмыстардың алдын ала кезеңінің басталу және аяқталу мерзімі:<br>қалпына келтірудің техникалық кезеңі<br>қалпына келтірудің биологиялық кезеңі   |  |
| 13 | Қалпына келтіру жобасының аяқталу мерзімі  |  |
| 14 | Ерекше жағдайлар   |  |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК